

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

30 мамыр 2023 ж.

№5/1

Атырау қаласы

Атырау облысының Қоғамдық кеңесінің 2022 жылғы 27 қазандағы №6/2 «Азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік маңызы бар азық түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру шаралары туралы» қарары туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23 бабына сәйкес, Атырау облысының Қоғамдық кеңесінің 2022 жылғы 27 қазандағы №6/2 «Азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік маңызы бар азық түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру шаралары туралы» қарардың орындалуы туралы мемлекеттік органдар басшыларының баяндамасын тыңдап, талқылап **ҚАРАП ҚАБЫЛДАДЫ:**

Атырау облысының Қоғамдық кеңесінің 2022 жылғы 27 қазандағы №6/2 «Азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік маңызы бар азық түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру шаралары туралы» қарарда берілген ұсынымдар бойынша жұмыстардың тиісті мемлекеттік органдармен ұйымдастырылуына байланысты бақылаудан алынсын.

Кеңес төрағасы



М.Ізбасов

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

30 мамыр 2023 ж.

№5/2

Атырау қаласы

Атырау облысында автокөліктің барлық түрлерімен жолаушылар тасымалын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23 бабына сәйкес кеңес отырысында Облыстық Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысы С.Айтқалиевтың «Атырау облысында автокөліктің барлық түрлерімен жолаушылар тасымалын ұйымдастыру туралы» есебі тыңдалып, талқыланып **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына (С.Айтқалиев)

1) Автомобиль жолдарының пайдалану жай-күйін және күтіп ұсталуын, жөндеу-құрылыс жұмыстарының сапасын, жолаушылар тасымалдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) Тасымалдаушы мекемелердің тасымал жұмыстарына күнделікті бақылауды күшейту, тиісті мемлекеттік органдармен бірлесе, автокөлікпен тасымалдаудың стихиялық түрлерін жою;

3) Тасымалдаушы кәсіпорындарға жолаушылар тасымалдаушы автокөлік жүргізушілері мен кондукторлардың тұрғындарға мәдениетті қызмет көрсетуіне қатысты талаптар қою ұсынылсын.

2. Атырау қаласы әкіміне (М.Қалауи)

1) Қалаішілік №4, №30А маршруттарында автобустарды көбейту мүмкіндігін қарастыру;

2) «Нұрсая» ықшам ауданына қатынайтын маршруттар автобустарының өте сирек жүруіне зерделеу жұмыстарын жүргізу ұсынылсын.

3. Атырау қаласы және аудан әкімдеріне

1) Жолаушылар тасымалдау маршруттары аялдамаларын талапқа сай жабдықталуын қамтамасыз ету;

2) Жолаушылар тасымалымен айналысатын кәсіпорындардың санын көбейту арқылы бәсекелестік орта қалыптастыру жұмыстарын жүргізу ұсынылсын.

4. Атырау облыстық Полиция департаментіне (Н.Оразбаев)

1) Автобус жүргізушілерімен жол көлік оқиғаларының алдын алу жұмыстарын жүргізу;

2) Автобус жүргізушілерін жолаушыларды тасымалдауға жіберу тәртібін, оларды дайындау сапасын, автокөлік мектептеріне қойылатын талаптардың орындалуын бақылау;

3) Жолаушылар тасымалдаушы автобустардың техникалық талаптарға сәйкестігін тұрақты бақылау;

4) Жолаушылар тасымалына қатысты рейдтік шараларға қоғамдық кеңес мүшелерін қатыстыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

5. Тиісті мемлекеттік органдар басшылары осы Қарарда берілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты 2023 жылғы 1 қыркүйегіне дейін кеңес хатшылығына жолдау ұсынылсын.

Кеңес төрағасы



М.Ізбасов